

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 және 2004 жылғы 27 наурыздағы N 371 қаулыларына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 мамырдағы N 522 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 тамыздағы N 781 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.28 N 781 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) < * >

2) "Ауыл шаруашылығы өнімінің жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 наурыздағы N 371 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Астықты және оны сақтау мен тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу ережесінде :

5-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру үшін астықты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тиісті жылға арналған астықты мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жыл сайынғы шешімімен анықталатын астықты көктемгі-жазғы қаржыландыруға және күзгі сатып алуға арналған сомалар мөлшерінде бір жолғы төлемдермен тапсырыс берушіге бюджет қаражатын аударуды жүзеге асырады."

Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі